

Шошқа тілмесін алдын-алу және жою бойынша ветеринариялық іс-шаралар туралы Ереже

Осы Шошқа тілмесін алдын-алу және жою шаралары туралы ереже (одан әрі - Ереже) жеке және заңды тұлғаларға ветеринариялық шараларды ұйымдастыру мен жүргізудің Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 26-бабына сәйкес, орындау үшін міндетті тәртібін анықтайды.

1. Жалпы ереже

1. Шошқа тілмесі - жұқпалы ауру, әсіресе 3-12 айлық шошқаларды зақымдайды. Жіті және созылмалы, энзоотиялық тұтану түрінде өтеді. Тілменің жеке тұтанулары кеміргіштердің, күрке тауықтардың, үйректердің, қырғауылдардың және қозылардың арасында болуы мүмкін.

2. Аурудың қоздырғышы сыртқы ортаның факторлары мен шіруге тұрақты келеді. Етті тұздау мен қақтау бактериядан зарарсыздандырмайды.

3. Ауру шошқаларда, дені сау бактериятасығыш-шошқаларда бактериялар олардың жұтқыншақ бездерімен және ішектерінің фолликуласында орналасады, сонымен бірге кеміргіштер мен құстар аурудың негізгі көздері болып табылады.

4. Инфекцияның қоздырғыштарын тарату факторларына тілменің қоздырғыштарымен ластанған азық, су, сою өнімдері, өлекселер жатады. Осының ішінде топырақ маңызды орын алады. Осыған байланысты тілмені топырақтық, маусымдық (көктем-жазда) індеттер қатарына жатқызады. Кеміргіштер, шыбындар, құстар қоздырғыштарды таситындар болуы мүмкін. Қоздырғыштардың таралуының негізгі жолы - азықпен, жәндіктер арқылы және жанасу арқылы. Тілменің эпизоотиялық ерекшелігі - оның тұрақты болып, жылдың жылы мезгілінде қайталануында. Эпизоотиялық ошақта жануарлар басының көпшілігі, 20-30% ауруға шалдығады. Өлім көрсеткіші жоғары - 55-80%

5. Шаруашылық субъектісіне (елді мекенде) қоздырғыштарды ауру, ауырып жазылған шошқалар, сонымен бірге ауру жануарлардың бөлінділерімен ластанған заттар таратады.

6. Шошқаның тілмесінің қоздырғышы сырттан келмесе де, бактерия тасығыш - шошқалардың арасынан, сыртқы ортаның жағымсыз факторларынан (көлікпен тасымалдағанда, күн ыстықта айдағанда, шошқалардың денелері ыстықтағанда немесе тоңғанда, азықтандыру түрін кенет өзгерткенде, күн өткенде және ауаның жоғары ылғалдылығында) ауру шығуы ықтимал.

7. Шошқаның тілмесіне диагнозды эпизоотиялық, клиникалық, патологоанатомиялық деректер мен ауру және өлген жануарлардан бактериологиялық зерттеулерге алынған патматериалдардың нәтижелерін негізге алып қояды. Аурудың шыққан уақытын, таралу сипатын, ауырған жануарлардың жасын назарға ұстайды.

8. Шошқаның тілмесін обадан, пастереллезден, листериоздан, сібір жарасынан, күн және ыстық өткеннен ажыратады. Созылмалы өткен кезде, обадан, микоплазма полисерозитінен, полиартриттен, стрептококтық және коринебактериалдық індеттерден, рахит пен остеомаляциядан ажырату керек. Шошқалардың тілмесі күн, ыстық өткендерден ажыратылғанда, осы факторларды тудыратын жағдайлардың негізін, клиникалық белгілерін ескереді: кенеттен әлсіздену, тыныс алудың жиілеуі, жүрек жұмысының бұзылуы, температураның көтерілуі 42-43С, бұлшық еттері тартылады, күн немесе ыстық өткенде ауырғандар ауру белгілері білінгеннен бірер сағаттан кейін өледі.

9. Обадан және басқа вирустық індеттерден айыру мақсатында, ауру шошқалардың температурасын өлшеп, күніне 4 рет тілмеге қарсы сарысудың емдік дозасын пенициллинмен қосып беру ұсынылады. Тілмемен ауырған шошқалардың температуралары төмендеп, жалпы жағдайы жақсарады. Обамен және басқа вирустық аурулармен ауырғанда көрсетілген емдеу көмек бермейді.

2. Ветеринариялық-санитарлық таза аумақтарда жүргізілетін алдын-алу шаралары

10. Шошқаларды жоспарлы алдын-ала егуді, қайта егуді жылдың кез келген уақытында ветеринариялық препараттардың мемлекеттік Реестрінде тіркелген вакцинамен жүргізеді.

11. Егуден 5 күн бұрын және еккеннен кейін 5 күнге дейін жануарларды тасымалдауға болмайды. Бұл аралықта күн сәулесінің теріс әсерінен иммуногенез болмас үшін жануарларды күнге шығармайды.

12. Шошқа тілмесінің алдын-алу үшін ветеринариялық-санитарлық шаралар:

1) жазғы лагерлермен жабдықтау арқылы жануарларды ыстықтан қажудың алдын-алып, шошқаларды күн сәулесінен қорғауды қамтамасыз етеді;

2) шошқаларға жиналған тамақ қалдықтарын залалсыздандырылмаған күйде беруге болмайды ;

3) шошқаларды ет өңдейтін кәсіпорындарда немесе жануарларды союға арналған пункттерде сояды.

3. Эпизоотиялық ошақта және таза емес пункттерде жүргізілетін шаралар

13. Шаруашылық субъектiсiнде (елдi мекенде) шошқа тiлмесi анықталғанда ветеринариялық маман сол аумақтық әкiмшiлiк бiрлiгiнiң мемлекеттiк ветеринариялық инспекторларына хабарлайды.

14. Аумақтық әкiмшiлiк бiрлiгiнiң бас мемлекеттiк ветеринариялық инспекторы шошқаның тiлме ауруына күдiк туралы хабарды алғаннан кейiн, дереу ауру шыққан жерге келiп, эпизоотиялық тексеру жүргiзедi және диагноз қою үшiн ауырған жануарлардан патологиялық материал алып ветеринарлық лабораторияға жiбередi.

15. Шаруашылық субъектiсi (елдi мекенi) диагноз анықталса, Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" заңының 27-бабының 1-тармағына сәйкес, оларға шектеу қойылады.

16. Шектеу шаруашылық субъектiсiнен (елдi мекеннен) Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" заңының 27-бабының 3-тармағына сәйкес, соңғы ауырған жануар сауыққан соң және қоралар, серуендеу алаңдары, күту заттары мұқият тазартылып, залалсыздандыру жүргiзiлгенiнен 14 күн өткеннен кейiн алынады.

17. Шектеудiң шарты бойынша тиым салынады:

- 1) шошқаларды шығаруға және кiргiзуге;
- 2) амалсыздан сойылған шошқаның етiн залалсыздандырмай шығаруға;
- 3) ауру шошқалар жанасқан, шошқаға арналған азықтарды сыртқа шығаруға.

18. Клиникалық ауру белгiлерi бар ауру шошқаларды тiлмеге қарсы гипериммунды сарысуды пенициллинмен қосып, қолдану нұсқаушасына сәйкес емдейдi. Аурудан сауыққан жануарлардың терiсi мен аяқтарын залалсыздандырғаннан кейiн, сауыққандарын және барлық шошқаларды тiлмеге қарсы вакцинациядан 10 күннен кейiн келген жерiне қайтарады.

19. Тазармаған шаруашылық субъектiлерiндегi денi сау шошқаларды вакцинациялайды да, оларды 10 күн iшiнде байқап отырады. Егiлген жануарлар ауырған кезде, жоғарыда көрсетiлгендей оқшаулап, емдейдi.

20. Шошқалар арасынан тiлме ауруы бой көрсеткенде етке өткiзетiн технологиямен айналысатын шаруашылықтарда, ауруларды оқшаулап емдейдi де , денi сау шошқаларды жақын жердегi ет өндейтiн кәсiпорындарға жедел түрде союға жiбередi. Жiберiлген күнi союға мүмкiндiк болмаса, сау шошқаларды сол жерде қалдырып, тiлмеге қарсы вакцинациялап, 10 күннен кейiн шектеусiз союға алып барады.

21. Әрбiр ауру шошқа анықталған сайын, шошқа қораның еденi мен қабырғасын тазартып жуады және мемлекеттiк Реестрде тiркелген препараттармен залалсыздандырады.

22. Өлекселердiң немесе лажсыз сойылған ауру шошқалардың терiлерiн залалсыздандырады. Өнделген терiлердi өткiзбейтiн заттармен буып-түйiп, терi

зауытына жібереді. Терінің залалсыздандыруын ұйымдастыруға мүмкіншілік болмаса, өлексені терісімен пайдаға асырады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ